

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы Тараптарды транспекаралық езендердегі табиғи апаттар туралы шұфыл хабардар ету туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 677 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы Тараптарды траншекаралық өзендердегі табиғи апаттар туралы шұғыл хабардар ету туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Прем'єр-Міністр

Жоба

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен
Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі
арасындағы Тараттарды транспекаралық өзендердегі
табиғи апаттар туралы шүғыл хабардар ету туралы
келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі,

екі мемлекет арасындағы тату көршілік және достық қатынастарды одан әрі дамыту
және нығайты максатында,

2001 жылдың 12 күркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкім

Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы траншекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ережелеріне сәйкес,

бір-біріне траншекаралық өзендердегі табиғи апаттар туралы шүғыл түрде өзара хабарлауды қажет деп санай отырып, мына тәмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар достық, ынтымақтастық, өзара сенім және тендік негізінде бір-біріне траншекараптық өзендерде туындайтын табиғи апарттар туралы шұғыл түрде өзара

Осы Келісім трансшекаралық өзендерде табиғи апаттар туындаған жағдайда Тараптарға шүғыл хабарлау тәртібін белгілейді.

2-бап

Осы Келісімде мынадай ұфымдар пайдаланылады:

- табиғи апаттар - трансшекаралық өзендердің бассейнінде су тасқыны мен мұздардың қатуынан олардың төменгі ағысында орналасқан Тараптардың мемлекеттеріндегі адамдардың қаза табуына әкеліп соғатын және едәуір материалдық шығын келтіретін апаттар мен зілзалалар;
- табиғи апаттар мониторингі - су тасқыны мен мұздардың қатуын бақылау және қадағалау жөніндегі қызымет;
- құзыретті органдар - осы Келісімнің ережелерін іске асыру үшін Тараптар мемлекеттерінің үкіметтері айқындастырын органдар.

3-бап

Тараптар ынтымақтастықты мынадай салалар бойынша жүзеге асырады:

- су тасқыны мен мұз қату құбылыстарына жұмыс істеп тұрған қадағалау жөніндегі құрылыштардағы сол сәттегі техникалық деңгей жағдайында мониторинг жүргізуі;
- су тасқыны мен мұз қату құбылыстарының туындауы, олардың даму барысы, сондай-ақ трансшекаралық өзендердің бассейндеріндегі табиғи апаттарды жою жөнінде қабылданатын шаралар туралы өзара және дер кезінде хабарлау.
- Тараптар шүғыл хабарлау жөніндегі іс-шараларды тағы неғұрлым жетілдіруі және қажетті алмасуды жүзеге асыруы тиіс.

4-бап

Тараптар қазақстан-қытай трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссиясының тапсырмасы бойынша шынайы қажеттілікке сәйкес тараптардың сарапшылар тобы бірлескен комиссия бекіткеннен кейін құзыретті органдар орындастырын хабарламалардың нақты тәртібін белгілейді деп келісті. Хабарламалардың нақты тәртібіне бастапқы хабарлау және оқиғалар туралы ақпарат беру әдістері секілді өлшемдер кіреді.

Су тасқыны мен мұздың қатуы туындаған жағдайда Тараптардың атқарушы органдары хабарламалардың нақты тәртібіне сәйкес тікелей бір-біріне тиісті ақпаратты хабарлайды.

5-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі шығыстар екі тараптың келісімі бойынша шешіледі.

6-бап

Тараптар осы Келісімнің жеке-жеке атқарушы органдарын белгілейді. Атқарушы орган өзгертілген немесе қайта тағайындалған жағдайда Тараптар бір-біріне жазбаша түрде хабарлайды.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және орындау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар жолымен шешеді.

8-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің өздері қатысуышы болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 2001 жылғы 12 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Трансшекаралық өзендерді пайдалану және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім қолданылуының барлық мерзімі ішінде күшінде қалады және оның қолданылуы тоқтатылған күнінен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

2005 жылғы " _____" Астана қаласында (Қазақстан Республикасы) әрқайсысы қазақ, орыс және қытай тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігі үшін

Қытай Халық Республикасы

Су шаруашылығы

министрлігі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК